

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

W00012

02.10.2020 ж



2

0

2

0

БЕКТЕМБАЕВА РАХАТ ЕРГЕШБЕКОВНА

*Алматы облысы Жамбыл ауданы
«Мәтібұлақ ауылындағы орта
мектеп МДШО» ҚММ. МАД мұғалімі*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

02.10.2020 ЖЫЛ | № W00012

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

Оқушылардың дарындылығын психодиагностика арқылы анықтау және дамыту

Қазіргі кезде тәуелсіз мемлекетіміздің алдында жас ұрпаққа берілетін білім мазмұның жаңарту және оны игеру мәселесі ерекше орын алып отыр. ХХІ ғасыр-білім ғасыры, бәсеке ғасыры, еліміздің дүниежүзілік өркениетке ұмтылған өрлеу ғасыры. Нарықтық экономиканың өмірге дендеп енуіне байланысты оқу-тәрбие жұмысына өзгерістер енгізілуде. Ұлтымыздың алтын кені болатын дарынды балаларды тәрбиелеудің негізгі орталығы – мектеп, лицей, гимназия.

Ж.Аймауытовтың пікірінше, адам өмірге өзіндік табиғи қасиеттермен, қабілеттерімен келеді. Ал баланың бойындағы туа біткен қасиеттерді дамытатын оқу мен тәрбие. Қабілетті, дарынды балаларды айқындау, оларды топтастырып, белгілі сала бойынша тереңдетіп оқыту, әсіресе ұлттық дәстүріміз бен мәдениетіміздің бойына сіңіре тәрбиелеу және дамыту қажет.

Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай қабілеті, белгілі бір іске деген бейімділігі жас кезеннен-ақ белгілі болады.

Халқымыздың ұлы ұстазы Абай өзінің қара сөздерінде «Бала өмірге келгендегі қабілеттерін ары қарай дамытып, шыңдау қажет. Ол назардан тыс қалса, бара-бара жойылып, жоқ болады», -деп атап көрсеткен.

Бейімділік қабілет дегеніміз – тұлғаның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрып, оған көңілінің аууы, яғни оянып келе жатқан қабілетінің алғашқы белгісі.

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу ұйымдастырудағы басты міндеті – балалардың қабілеттері мен таланттарын жан – жақты аша түсу үшін дарындылық ерекшеліктерін (түрі, деңгейі т.б.) анықтау мен айқындау болып табылады.

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес (мысалы, сынақтан өткізу). Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Дарынды баланың ерекше белгісі:

1. Ешкімге ұқсамайтын өзгешелігі;
2. Танымдық қызығушылық қабілетінің жоғарлауы;
3. Есте сақтау, зейін, елестету ой-өрісінің жоғары болуы;
4. Ойлау қабілетінің дәлдігі;
5. Шешімдер қабылдаудағы ерекшелігі.

Дарынды балаларда кездесетін қиындықтар:

- Өзі қатарлас балалардың шешуі қиын ойларды игере алмауынан жалығу;
- Өзінен интеллектісі төмен балаларға шыдамдылық танытпауынан;
- Өз дәрежесінен артық философиялық ой толғау;
- Дене қызметі, интеллектуалдық және әлеуметтік дамудың сәйкес келмеуі;
- Өз уақытынан ерте ішкі қажеттілікке ұмтылудан;
- Жетістігінен қабылданбаудан, өзін-өзі төмен бағалаудан;

- Барлық жағынан биікке ұмтылушылық;
- Оқу жоспарының бала қабілетіне сәйкес келмеуінен;
- Дарынды балаларға қарап үлкендердің көп талап қоюы және оның айналасындағы басқа балаларға кері әсерін тигізуі.

Дарындылықтың қиындық туғызатын жасырын түрі:

- **Саванта-** «Оқымысты-ақымақ».
- **Фанат** – бір жағынан жұмыспен шұғылданады (компьютерлік, спорттық).
- **Жалқау** – Барлық кез-келген ақпаратты білгенімен ештеңе көрсете алмайды;
- **Тұйықтық** – өзін-өзі төмен бағалайтындықтан, өзінің бойындағы қабілет пен дарындылығын ашып көрсете алмайды;
- **Ұстамсыз** – отбасында және өзін қоршаған ортада кикілжінге тез келетін балалар;
- **Қиялы** – қарапайым, салмақты, кикілжіңнен өз бойын аулақ ұстайтын балалар.

Дарынды балалармен жұмыс істеу барысында педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайына баса назар аудару керек. Жеке тұлғаны заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы.

Осыны ойлаңыз!

- Жұмысқа уақыт табыңыз, бұл – табыс кепілі.
- Ойлануға уақыт табыңыз, бұл – қуат көзі.
- Ойынға уақыт табыңыз, бұл – жастықшақтың сыры
- Оқуға уақыт табыңыз, бұл – білім негізі.
- Достыққа уақыт табыңыз, бұл – бақыт кепілі.
- Арманға уақыт табыңыз, бұл – жұлдызға жол ашады.
- Махаббатқа уақыт табыңыз, бұл - өмірдің шын қуанышы.
- Шаттыққа уақыт табыңыз, бұл –жан әуені.

ТРЕНИНГ-ЖАТТЫҒУ **«Тек қана бірге» жаттығуы**

Мақсаты : Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру.

Жұпқа бөлініңіздер де, бір-біріңізбен арқаларыңызбен тұрыңыздар !

Сіз жәйлап арқаларыңызды жазбастан еденге отыра аласыз ба?

Ал енді дәл осылай тұра аласыз ба?

Ал енді бір-біріңізбен басқалармен ауысыңыз.

Талқылау : Сізге кіммен бірге отырып тұру оңай болады.

Осы жаттығудағы ең қиыны не болды?

Тест-тренинг "Кірпі" жаттығуы

Мақсаты: Түрлі қарым-қатынас ситуацияларында байланыс орнату мүмкіндігін кеңейту.

Нұсқау: Топтың бір мүшесі кірпіні бейнелейді. Ол орындыққа отырады да, «Оралып» алады. Мысалы: Басын тізесіне тығып, көздерін жұмады, өзін құшақтап алады, осылайша топпен сөйлескісі келмейтін бейнені келтіреді.

Әрі ол психологиялық тұрғыдан «Өзіммен-өзі» тереңге кетеді.

- Қалған мүшелер кезекпен оралған кірпіні ашуға тырысады.

Түрлі әдістер қолданылады яғни, құлаққа сыбырлаудан бастап, түрлі әрекеттерге дейін.

- *Нәтижелерді талқылау:* Егер сіз өзіңізге белгілі барлық, бірақ кірпі солай жазылмаған күйінде қалса, сіз қарым-қатынаста өзге адамның күйін нәзік сезе қоймайсыз. Егер де «Кірпі» жазылып, сізбен сөйлескісі келсе, онда қарым-қатынаста өте талантты адамсыз. Сізде эмпатия бар / яғни, өзгені интуитивті сезіну / және өзгелерге деген ұқыпты жылы қатынас бар.

«Дыбыстық жаттығу» тренингі

Мақсаты: дыбыстық гимнастикамен таныстыру, рух пен дененің тынығуы.

Дыбыстық жаттығуды бастамас бұрын, жүргізуші жаттығу ережесін түсіндіреді: өзімізді барқалыпты, жайлы сезінеміз, тік тұрамыз, арқамызды тік ұстаймыз. Алдымен мұрнымызды терең дем аламыз, ал дем шығарғанда дыбысты қатты әрі қуатты етіп шығарамыз.

- А
- Е
- И
- О
- У
- Я
- М
- Х
- ХА
- А – барлық ағзаға жайлы әсер береді;
- Е – қалқанша безге әсер етеді;
- И – миға, көзге, мұрынға, құлаққа әсер етеді;
- О – жүрекке, өкпеге әсер етеді;
- У – асқазан маңындағы ағзаларға әсер етеді;
- Я – барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;
- М – барлық ағзаның жұмыс істеуіне әсер етеді;
- Х – ағзаның тазаруына көмектеседі;
- ХА – көңіл-күйді көтеруге көмектеседі;

Бекітемін: Пәні: Айналаны тану		
Сабақтың тақырыбы:	Күн тәртібі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын түсіндіру және күн тәртібін құрастыру; 1.1.2.5 тәулік мезгілдері мен апта күндері атауларын қолдану	
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар:Күн тәртібін сақтаудың маңызын біледі, түсінеді, қолданады. Көпшілік оқушылар:Тәулік мезгілдері, апта күндері атауларын біледі. Кейбір оқушылар:Алған білімдерін өмірде қолданады.	
Бағалау критерийлері	Күн тәртібін құрастыруды түсінеді, қолданады. Апта күндері мен тәулік мезгілдері туралы біледі	
Құндылықтарды дарыту	ынтымақтастық, ашықтық, құрмет	
Пәнаралық байланыс	Сауат ашу	
АКТ қолдану дағдылары	таныстырылым,бейнебаян.	
Тілдік құзыреттілік	күн тәртібі, режим дня.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ширату 2 мин Топқа бөлу 1 мин Тәулік мезгілдері бойынша Тапсырма: ТА. Ұжымдық жұмыс: Әңгіме құрастыр. 8 мин Дескриптор: Сурет бойынша әңгімелей алады. Кері байланыс: тамаша!	

Сабақтың
ортасы

Тапсырма: Топтық жұмыс 12 мин
I топ Тәулік мезгілдерін ата.

Дескриптор: Тәулік мезгілдерін атай алады.

Кері байланыс: жарайсыңдар!

Тапсырма: II топ Апта күндерін ата



Дескриптор: Апта күндерін атайды.

Кері байланыс: керемет!

Тапсырма: ӨЖ. Суреттегі күн тәртібін
уақытпен сәйкестендір

Дескриптор: Күн тәртібін біледі,
сәйкестендіреді.

Кері байланыс: жарайсың!



Сергіту сәті: 2 мин

<p>Сабақтың соңы</p>	<p style="text-align: center;">Саралау 4 мин</p> <p>Неліктен бала сабақта ұйықтап отыр деп ойлайсың? Оған қандай кеңес бересің? Күн тәртібін жоспарлауды үйрен РЕФЛЕКСИЯ</p>	
<p>Дифференциация (саралау) – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалауды – қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>